ATYRAU UNIVERSITY

**Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ**

**АТЫРАУСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ ХАЛЕЛА ДОСМУХАМЕДОВА**

**БЕКІТІЛДІ/УТВЕРЖДАЮ**

Х.Досмұхамедов атындағы Атыр мемлекеттік университеті Ғылым Кеңесінің шешімімен /Решением Учено совета Атырауского государственно университета им.Х.Досмухамедова

Ректор__________ А.Талтенов

20_19_ж./г. «_28_» _01_, хаттама/проток №_5_

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПРОГРАММА**

**EDUCATION PROGRAMME**

**7М02301- Филология**

Білім беру бағдарламасының атауы

**7М02301- Филология**

Название образовательной программы

**7М02301- Philology**

Name of education programme

**Атырау, 2019**

**Көптілді білім беру факультеті**

**Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы**

**ББ атауы «7М02301 - Филология»**

**ББ типі:**

■ **Қолданыстағы**

□ **Жаңа**

□ **Инновациялық**

**ҚҰРАСТЫРУШЫЛАР (Академиялық комитет):**

| Аты жөні | Лауазымы | Байланыс ақпараты | Қолы |
|---|---|---|---|
| Жүсіп Қ.Ө. | Ф.ғ.д., профессор | 87750731709<br>kadyr.zhysip@mail.ru | |
| Мұхамбетов Ж.И. | Ф.ғ.к., ассоц.профессор | 87024127050 | |
| Атаханова Н.А. | Аға оқытушы,магистр | 87011387666 | |
| Хайыржанова Б.С. | П.ғ.к., аға оқытушы | 87758310173 | |
| Усербаева М.К. | Атырау инженерлік-гуманитарлық колледжінің директоры | 87755957106<br>Maksat.userbaeva@mail.ru | |
| Қалмырза О. | 6М020500-Филология мамандығының 2 курс магистранты | 87026529103<br>oryngul.kalmyrza@mail.ru | |

**1.1 Бағдарламаның циклі**:

Екінші цикл: магистратура 7 деңгей НРК / ОРК / МСКО

**1.2 Берілетін дәрежесі:** 7М0201 «Филология» гуманитарлық ғылымдар магистрі

**1.3 Жалпы кредит көлемі**: 120 академиялық кредит / 120 ECTS

**1.4 Оқу мерзімі:** 2 жыл

**1.5 ББ ерекшеліктері**

7М02301«Филология» білім бағдарламасы – бүгінгі таңдағы тіл білімі және әдебиеттану ғылымдары парадигмасындағы өзекті бағыттарын, олардың теориялық және практикалық маңызын жете түсінуге, ғылыми зерттеудің негізгі теориялық-әдістемелік принциптерін, әдіс-тәсілдері мен әдіснамалық негіздерін зерделей білуге және қазақ филологиясы бойынша тіл мен әдебиетті терең білетін, ғылыми-зерттеу жұмыстарын өз бетінше жүзеге асыруға талпынатын және филологияның қолданбалы аспектісіне қатысты құзіреттіліктерге ие болатын, бүгінгі лингвистиканың және әдебиеттану ғылымындағы жаңалықтарды түсініп қана қоймай, өзінше ой қорыта алатын маман қалыптастыруға бағытталған.

Сонымен қатар магистранттарға әртүрлі конференциялар мен семинарларда ғылыми баяндамалар жасауға, ғылыми пікірталастарға қатысуға, идеялар аукционын өткізуге, ғылыми жоба қорғауға, ғылыми талдаулар жасауға, аннотация және рецензия, ғылыми мақалалар жазуға мүмкіндік береді.

## 2 ББ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ НЕГІЗДЕМЕ

### 2.1 ББ мақсаты

Білім бағдарламасының мақсаты – инновациялық технологияны пайдалана отырып, гуманитарлық ғылымдар бойынша жүйеленген білімді қалыптастырумен қатар филологиялық зерттеулердің жаңа нысандармен кеңеюіне назар аударту және кәсіби қызметін жүзеге асыруға қабілетті, қоғам алдындағы азаматтық жауапкершілігі жоғары магистрдің негізгі және арнайы құзыреттілігін қалыптастыра отырып, еңбек нарығында сұранысқа ие, кәсіби дайындығы терең ғылыми және педагогикалық креативті кадрларды дайындау.

### 2.2 ББ негіздемесі магистранттар үшін

Білім бағдарламасының негіздемесі – жаһандану кезеңіндегі қоғамның басты құндылықтарын бағалауда кәсіби құзыреттілік пен әлеуметтік мобильділікті қамтамасыз

ететін филологиялық іргелі теориялық-әдістемелік, сондай-ақ интеграцияланған ғылымдар саласы бойынша қажетті ғылымдардың негізін меңгерту және білім мен ғылымды сабақтастыруда лингвистикалық/әдебиеттанушылық зерттеулерді жүргізу мен ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру арқылы білікті де бәсекеге қабілетті, интеллектуалдық мәдениеті жоғары кәсіби элитаның жұмыс істеу бейімділігін дамыту.

Жалпы білім беру пәндерінің циклы нақты ғылымдардың өзекті философиялық мәселелерін, ғылыми дүниетанымды, тілдік коммуникативтік дағдыларды, толеранттылық қағидасы мен білім берудің педагогика-психологиялық әдіснамалық негіздерін қалыптастыруға бағытталған. Базалық пәндер циклы филология саласы бойынша ғылыми-педагогикалық білім алуға, тіл білімі мен әдебиеттанудың заманауи теориялық негіздері мен парадигмаларын игеруге және жаһандық тілдік/әдеби процестерді білу және оларға ғылыми талдау жасаудың методологиясын меңгеруге, оларды кәсіби салада қолдануға машықтандырады. Кәсіптендіру пәндері магистрант игерген теориялық білім жиынтығын өзінің кәсіби қызметінде пайдалануға бағытталған.

**2.3 Еңбек нарығының қажеттілігі**

Халықаралық білім, ғылым бағдарламаларын жүзеге асыру мен сараптау үшін толыққанды теориялық дайындығы бар, оқу мен дамудың байланыстарын, инновациялық оқытуды ұйымдастырудың қағидаларын біліп, даму үстіндегі әлемде кәсіптік дербестікті қамтамасыз ететін негізгі филологиялық дайындығы болуы шарт.

**2.4 Кәсіби жұмыс саласы**

Филология білім бағдарламасы бойынша бітірушілердің кәсіптік қызметі қазақ филологиясының барлық салалары бойынша ғылыми зерттеулер жүргізуге, тіл мен әдебиетті кәсіптік орта оқу орындарында оқытуға, білім беру, басқару-ұйымдастыру салаларында әкімшілік жұмыстарын жүргізуге, сонымен қатар білім беру, мәдениет, БАҚ мен әлеуметтік-гуманитарлық қызметтің өзге де салаларында филологиялық білімді қажет ететін кәсіптік қызметтерді атқаруға бағытталған.

білім алушыны жеке тұлға ретінде тәрбиелеу үшін әртүрлі деңгейдегі оқу үдерісін жоспарлау, филологиялық курс мазмұнын жасау, материал іріктеу, әдістер мен тәсілдерді пайдалану;

— оқу-білім беру тәсілдерін, процесін анықтау, ұйымдастыру және жүргізу;

— өндірісте мамандыққа сай бейінді ұйымдастырушылық-технологиялық қызмет;

— әртүрлі деңгейдегі мемлекеттік құрылымдарда өндірістік-басқару іс-әрекеттер қызметі.

**2.5 Кәсіби жұмыс нысаны**

Филология білім бағдарламасын игерген маман ең алдымен бүгінгі қоғам талабына сай коммуникативтік қарым-қатынасты орната алатын, кәсіби қызметтің мынадай

түрлерін атқара алады: білім беру, ұйымдастыру-басқару, ғылыми-зерттеу (колледждерде оқытушы, қазақ тілі мен әдебиетінің қазіргі жағдайы және тарихи дамуы тұрғысынан зерттеу), баспа ісі, құжаттар тілін жүргізу, аударма, БАҚ-тағы қызмет, әлеуметтік-гуманитарлық қызметтердің басқа да салалары (Тіл басқармасы, мемлекеттік іс жүргізуші, Ақпараттық талдау орталықтары, Халық шығармашылығы орталығы, Копирайтер).

**ББ ОҚЫТУ НЕГІЗІНДЕ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ**

зерттеу облысы бойынша білімді түсіне отырып жетілдіруге, қабілетін көрсетуге(ОН1);

ғылыми зерттеуді жүргізуде және жоғары оқу орындарында арнайы пәндерді жүргізу барысында шет тілін кәсіби деңгейде еркін игеру (ОН2);

жоғары мектептің педагогикасы мен психологиясын өз ғылыми педагогикалық қызметінде кәсіби түрде қолдануы (ОН3);

күнделікті кәсіби қызметі мен докторантурада білім алуды жалғастыру үшін қажетті білімді тереңдетіп және кеңейте алуға қабілетті болуы(ОН4);

Көркем шығарманы талдаудың барлық әдіс тәсілдерін игеру. Әдебиеттану ғылымындағы зерттеулер арқылы қазақ және әлем халықтары әдебиеттері тарихының теориялық мәселелерін айқындаудың бағдарларын түсіну. Қазіргі тілтанымдағы көкейтесті мәселелерді талдау, салыстыру, негізгі нәтижелерді анықтау, тілдің ішкі және сыртқы заңдылықтарын меңгеру, тілдің қоғаммен, ойлаумен, сөйлеумен байланысты құбылыс екендігін білу (ОН5)

Қазақ фольклорының бастау алатын әдебиетті одан әрі әдебиет кезеңдерімен байланыстыра, әдебиет теориясының обьектісін игеріп, көркем шығарманы талдау методикасын меңгеріп, эстетиканың кезеңдерін, эстетикалық ой тұжырымдарды сараптап, әдеби сындағы көзқарастарды талқылау. Қазақ түрік әдебиеті арасындағы байланысты анықтау (ОН6).

Сөз мағынасының түрлерін, сөздің мағынасындағы әрбір тілдің өзіндік ерекшелігін игеру. Қазақ графикасын меңгеру. Этнолингвистиканың қоғамдық пәндермен өзара байланысын түсіну (ОН7)

Жоғарғы оқу орнында қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың әдістері мен әдістемесін, аспектілерін меңгеру.Оқытуда жаңа мазмұндағы методиканы игеру(ОН8).

Ғылыми зерттеу бағытында құзіретті болу, кәсіби білімі мен білігін үнемі өзі жетілдіріп отыру, өз саласы бойынша ғылыми зерттеулер мен жобаларды орындау (ОН9)

**4 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚУ ЖОСПАРЫ**
**4 УЧЕБНЫЙ ПЛАН ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРОГРАММЫ**
**4 EDUCATIONAL PROGRAM EDUCATIONAL PLAN**

| Модуль коды<br>Код модуля<br>Module code | Модуль құрылымы (коды және атауы)<br>Структура модуля(код и название)<br>Module structure (code and name) | Цикл және компонент<br>Цикл и компонент<br>Cycle and component | Қорытынды бақылау өткізу формасы<br>Форма проведения итогового контроля<br>Form of the final control | Академ. кредит саны<br>Количество акад.кредита<br>Amount of academic loan | Қалыптастырушы құзырет тіліктер<br>Формируемые компетенции<br>Formed competencies | Ескерт Пелер<br>Примечание<br>Note |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 1 семестр | | | |
| **01AGGM** Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдармодулі<br>**01MSGN** Модуль социально-гуманитарных наук<br>**01HM**Humanities module | GTF5201Ғылымның тарихы мен философиясы/IFN5201 История и философия науки HFS5201History of philosophy and sciense | БП/ЖОК<br>БД/ВК<br>BD/SC | ауызша емтихан<br>устный экзамен<br>oral exam | 5 | КК1<br>ПК1<br>ПС1 | Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы<br>Кафедра социальных и гуманитарных дисциплин<br>Department of social and humanitarian disciplines |
| | ShT5202Шетелтілі (кәсіби)/ IYa5202Иностранный язык (профессиональный) FL5202Foreign language | БП/ЖОК<br>БД/ВК<br>BD/SC | ауызша емтихан<br>устный экзамен<br>oral exam | 5 | КК2<br>ПК2<br>ПС2 | Аударма ісі және шетел тілдері кафедрасы<br>Кафедра переводческого дело и иностранных языков/Department of Translation and Foreign Languages |
| | PZhM5203Жоғары мектеп педагогикасы PBSh5203 Педагогика высшей школы HPS 5203 Higer School Pedagogy | БП/ЖОК<br>БД/ВК<br>BD/SC | ауызша емтихан<br>устный экзамен<br>oral exam | 3 | КК3<br>ПК3<br>ПС3 | «Педагогика» кафедра –лабораториясы<br>кафедра –лаборатория «Педагогика»<br>Pedagogy department-the laboratory |
| | PP/5204 Педагогикалық практика/ PP/5204 Педагогическая практика P5204 Pedagogy | | есеп<br>отчет<br>report | 2 | КК15<br>ПК15<br>ПС15 | Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы<br>Кафедра казахского языка и литературы<br>Department of the Kazakh language and literature |
| | BPsi5205 Басқару психологиясы/ PU5205 Психология управления PM5205 Psychology of management | БП/ЖОК<br>БД/ВК<br>BD/SC | ауызша емтихан<br>устный экзамен<br>oral exam | 5 | КК4<br>ПК4<br>ПС4 | Жазбаша<br>Письменный<br>Writting |
| **02GTM** Ғылыми-теориялық модуль<br>**02NTM**Научно-теоретический модуль<br>**04 SPM** Scientific theoretical module | TBZhB 5206 Тіл білімінің жаңа бағыттары/NNYa 5206 Новые направления языкознания/<br>NDL5206 New directions of linguistics<br>TTTN 5206 Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері /TPIYa 5206 Теоретические основы периодизации истории языка<br>TFPHL5206 Theoretical foundations of the periodization of the history of language | БП/ТК<br>БД/КВ<br>BD/ SC | ауызша емтихан<br>устный экзамен<br>oral exam | 8 | КК5-6-7<br>ПК5-6-7<br>ПС5-6-7 | Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы<br>Кафедра казахского языка и литературы<br>Department of the Kazakh language and literature |
| **03GZM** Ғылыми-зерттеу модулі<br>**03NIM** аучно-исследовательский модуль<br>**03 SRM** Scientific research module | MGZZh5401 Магистрлік диссертацияны орындауды қоса алғанда магистранттың теоретикалық оқытудан алшақсыз ғылыми-зерттеу жұмысы/ NIRM/5401 Научно-исследовательская работа магистранта, научно- | ҒЗЖ<br>НИР<br>RW | есеп<br>отчет<br>report | 2 | КК8<br>ПК8<br>ПС8 | Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы<br>Кафедра казахского языка и литературы<br>Department of the Kazakh language and literature |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | исследовательская работа с теоретическим обучением вместе с выполнением магистерской диссертации MRWTT5401 Masters research work, research work with theoretical training along with the masters thesi | | | | | |
| | **Семестр бойынша барлығы** | | | 30 | | |
| | | | 2 семестр | | | |
| **02GTM** Ғылыми-теориялық модуль **02NTM** Научно-теоретический модуль **04 SPM** Scientific theoretical module | TBOM 5207 Тіл білімінің өзекті мәселелері/APYa 5207 Актуальные проблемы языкознания/ APL5207 Actual problems of linguistics KTBM 5207 Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері/ APKYa 5207 Актуальные проблемы казахского языкознания APKL5207 Actual problems of kazakh linguistics | БП/ТК БД/КВ BD/SC | Презентация (жоба) prezentation project | 7 | КК5-6-7 ПК5-6-7 ПС5-6-7 | Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы Кафедра казахского языка и литературы Department of the Kazakh language and literature |
| **04GKM** Ғылыми-кәсіптік модулі **04NPM** Научно-профессиональ ный модуль **04 SPM** Scientific theoretical module | KGTN 5301 Қазақ графикасының теориялық негіздері/TOKG 5301 Теоретические основы казахской графики/TFKG5301 Theoretical foundations of Kazakh graphics ZhT 5301 Жазу тарихы/IP 5301 История письменности HW5301 History of writing | КП/ТК ПД/КВ PD/SC | ауызша емтихан устный экзамен oral exam | 5 | КК9-10-11-12-13-14 ПК9-10-11-12-13-14 ПС9-10-11-12-13-14 | Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы Кафедра казахского языка и литературы Department of the Kazakh language and literature |
| **04GKM** Ғылыми-кәсіптік модулі **04NPM** Научно-профессиональ ный модуль **04 SPM** Scientific theoretical module | SMK 5302 Сөз мағынасының құрылымы/SSS5302 Семантическая структура слова/ SSW5302 Semantic Structure of the word LMzh TJ5302 Лексикалық мағына және тілдік жүйе/LSYaS 5302 Лексическая семантика и языковая система LSLS5302 Lexical semantics and language system | КП/ТК ПД/КВ PD/SC | ауызша емтихан устный экзамен oral exam | 5 | КК9-10-11-12-13-14 ПК9-10-11-12-13-14 ПС9-10-11-12-13-14 | Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы Кафедра казахского языка и литературы Department of the Kazakh language and literature |
| **04GKM** Ғылыми-кәсіптік модулі **04NPM**Научно-профессиональ ный модуль<br><br>**04GKM** Ғылыми-кәсіптік модул **04NPM** Научно-профессиональ ный модуль **04 SPM** Scientific professional module | KTAB 5303 Қазақ-түркі әдеби байланысы/KTLS 5303 Казахско-тюркские литературные связи/ KTLC5303 Kazakh-Turkic literary connections AB 5303 Әдеби байланыс/LS 5303 Литературные связи LL5303 Literary links Lin/5303 Лингвоэкология/ L5303 Lingvoekologia SMLA 5303 Сөз мәдениетінің лингвоэкологиялық аспектілері / LAKR 5303 Лингвоэкологические аспекты в культуре речи / LACS 5303 Linguoecological aspects of the culture of speech | КП/ТК ПД/КВ PD/SC | эссе essay | 5 | КК9-10-11-12-13-14 ПК9-10-11-12-13-14 ПС9-10-11-12-13-14 | |
| | Lin 5304 Лингвомәдениеттану /Lin 5304 Лингвокультурология L5304 Linguoculture Et15304 Этнолингвистика Et5304 Ethnolinguictics | КП/ТК ПД/КВ PD/SC | эссе essay | 5 | КК9-10-11-12-13-14 ПК9-10-11-12-13-14 ПС9-10-11-12-13-14 | Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы Кафедра казахского языка и литературы Department of the Kazakh language and literature |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 03 GZM Ғылыми-зерттеу модулі<br>03NIM Научно-исследовательский модуль<br>03 SRM Scientific research module | MGZZh 5402 Магистрлік диссертацияны орындауды қоса алғанда магистранттың теоретикалық оқытудан алынатын ғылыми-зерттеу жұмысы NIRM 5402 Научно-исследовательская работа магистранта, научно-исследовательская работа с теоретическим обучением вместе с выполнением магистерской диссертации MRWTT 5402 Master's research work, research work with theoretical training along with the master's thesis | ҒЗЖ<br>НИР<br>RW | есеп<br>отчет<br>report | 3 | КК8<br>ПК8<br>ПС8 | Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы<br>Кафедра казахского языка и литературы<br>Department of the Kazakh language and literature |
| **Семестр бойынша барлығы** | | | | **30** | | |
| 3 семестр | | | | | | |
| 02GTM Ғылыми-теориялық модуль<br>**02NTM** Научно-теоретический модуль<br>**04 SPM** Scientific theoretical module | UT6301Ұлттық терминология / NT 6301 Национальная терминология NT6301National terminology TN6301Терминология негіздері / OT 6301 Основы терминологии BT6301 Basics of terminology | КП/ТК<br>ПД/КВ<br>PD/SC | жоба қорғау<br>защита проекта<br>project protection | 5 | КК5-6-7<br>ПК5-6-7<br>ПС5-6-7 | Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы<br>Кафедра казахского языка и литературы<br>Department of the Kazakh language and literature |
| **04GKM**<br>Ғылыми-кәсіптікмодулі<br>**04NPM** Научно-профессиональный модуль<br>**04 SPM** Scientific professional module | RZhTA 6302 Рухани жаңғыру: тарихи атаулар (топонимдер)/MSIT 6302 Модернизация сознания: исторические названия (топонимы) MCYN6302 Modernization of consciousness: historical names (toponyms) AOT 6302 Атырау өңірінің топонимикасы/ TAR 6302Топонимика Атырауского региона TAR6302 Toponymy of Atyrau region | КП/ТК<br>ПД/КВ<br>PD/SC | ауызша емтихан<br>устный экзамен<br>oral exam | 5 | КК9-10-11-12-13-14<br>ПК9-10-11-12-13-14<br>ПС9-10-11-12-13-14 | Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы<br>Кафедра казахского языка и литературы<br>Department of the Kazakh language and literature |
| | КМТ 6303 Көркем мәтін теориясы THP6303 Теория художественного текста / TLT Theory of literary text ATTT 6303 Әдеби теориялық талдау түрлері / VLTA 6303 Виды литературно-теоретических анализов / TLTA 6303 Types of literary and theoretical analyses | КП/ТК<br>ПД/КВ<br>PD/SC | ауызша емтихан<br>устный экзамен<br>oral exam | 8 | КК9-10-11-12-13-14<br>ПК9-10-11-12-13-14<br>ПС9-10-11-12-13-14 | Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы<br>Кафедра казахского языка и литературы<br>Department of the Kazakh language and literature |
| | ZhBAO6304 ЖОО жаңартылған білім мазмұны бойынша әдебиетті оқыту/MPOV 6304 Методика преподавания литературы с обновленным содержанием образования в ВУЗе MTLEI6304 Methods of teaching literature with updated content of education in higher education institutions ZhOIA 6304 Жоғары оқу орнындағы интербелсенді оқытудың әдістері/IMOV 6304 Интерактивные методы обучения в вузе ITMS6304 Interactive teaching methods in high school ZhBTO6304 ЖОО жаңартылған білім мазмұны бойынша тілді оқыту негіздері/ MPOV 6304 Методика преподавания | КП/ТК<br>ПД/КВ<br>PD/SC | кешенді тест<br>комплексный тест<br>comprehencive test | 5 | КК9-10-11-12-13-14<br>ПК9-10-11-12-13-14<br>ПС9-10-11-12-13-14 | Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы<br>Кафедра казахского языка и литературы<br>Department of the Kazakh language and literature |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | языка по обновленному содержанию образования в вузе<br>MTLCE6304 Methods of teaching the language with the updated content of education in high school | | | | | |
| **03GZM** Ғылыми-зерттеу модулі **03NIM** Научно-исследовательский модуль **03 SRM** Scientific research module | MGZZh 6403 Магистрлік диссертацияны орындауды қоса алғанда магистранттың теоретикалық оқытудан алшақсыз ғылыми-зерттеу жұмысы/ NIRM 6403 Научно-исследовательская работа магистранта, научно-исследовательская работа с теоретическим обучением вместе с выполнением магистерской диссертации MRWTT 6403 Master's research work, research work with theoretical training along with the master's thesis | ҒЗЖ<br>НИР<br>RW | есеп<br>отчет<br>report | 7 | КК8<br>ПК8<br>ПС8 | Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы Кафедра казахского языка и литературы Department of the Kazakh language and literature |
| **Семестр бойынша барлығы** | | | | **30** | | |
| 4 семестр | | | | | | |
| **06KAM** Қорытынды аттестаттау модулі **06 MIA** Модуль итоговой аттестации **06 MCA** Module conclusion attectation | MGZZh6404 Магистрлік диссертацияны орындауды қоса алғанда магистранттың теоретикалық оқытудан алшақсыз ғылыми-зерттеу жұмысы/NIRM6404 Научно-исследовательская работа магистранта, научно-исследовательская работа с теоретическим обучением вместе с выполнением магистерской диссертации MRTT6404 Master's research work, research work with theoretical training along with the master's thesis | ҒЗЖ<br>НИР<br>RW | есеп<br>отчет<br>report | 12 | КК15-16<br>ПК15-16<br>ПС15-16 | Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы Кафедра казахского языка и литературы Department of the Kazakh language and literature |
| | ZP 6305 Зерттеу практикасы IP 6305 Исследовательская практика<br>RP6305 Research Practice | КП ЗП<br>ПД ИП | есеп<br>отчет<br>report | 6 | КҚ15-16<br>ПК15-16<br>ПС15-16 | |
| | MDRK 6405 Магистрлік диссертацияны (жобаны) рәсімдеу және қорғау OZMD 6406 Оформление и защита магистерской диссертаций (проекта)<br>RPM 6406 Registration and protection of master's theses (project) | ҚА<br>ИА<br>FE | қорғау/защита<br>protection | 12 | КҚ15-16<br>ПК15-16<br>ПС15-16 | Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы Кафедра казахского языка и литературы Department of the Kazakh language and literature |
| **Семестр бойынша барлығы / Total for the semester** | | | | **30** | | |
| **Барлығы / Total** | | | | 120 | | |

## 6. МАТРИЦА КОРРЕЛЯЦИЯСЫ / МАТРИЦА КОРРЕЛЯЦИИ

| | ОН1 | ОН2 | ОН3 | ОН4 | ОН5 | ОН6 | ОН7 | ОН8 | ОН9 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **КҚ 1** | + | | | | | | | | |
| **КҚ 2** | | + | | | | | | | |
| **КҚ 3** | | | + | | | | | | |
| **КҚ 4** | | | + | | | | | | |
| **КҚ 5** | | | | + | | | | | |
| **КҚ 6** | | | | + | | | | | |
| **КҚ 7** | | | | + | | | | | |
| **КҚ 8** | | | | | + | | | | |
| **КҚ 9** | | | | | | | + | | |
| **КҚ 10** | | | | | | + | | | |
| **КҚ 11** | | | | | | + | | | |
| **КҚ 12** | | | | | | | | + | |
| **КҚ 13** | | | | | | | | + | |
| **КҚ 14** | | | | | | | | | + |
| **КҚ 15** | | | | | | | | | |
| **КҚ 16** | | | | | | | | | |

## 7. ЖИЫНТЫҚ КЕСТЕ / СВОДНАЯ ТАБЛИЦА

(мысал)

| Семестр | БП\ЖОК БД \ВК | БП\ТК БД \КВ | КП/ЖОК ПД/ ВК | КП/ТК ПД/ КВ | ҒЗЖ НИР | ҚА ИА | Барлығы Всего | Жалғастылығы Продолжительность (в т.ч. сессия, но без каникул) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 20 | 8 | | | 2 | - | 30 | 18 |
| 2 | - | 7 | | 20 | 3 | - | 30 | 20 |
| 3 | - | - | | 23 | 7 | - | 30 | 18 |
| 4 | - | - | | 6пр | 12 | 12 | 30 | 20 |
| **Барлығы Итого** | **20** | **15** | | **49** | **24** | **12** | **120** | |

## 8. ББ БЕКІТУ БЕТІ / ЛИСТ АДМИНИСТРИРОВАНИЯ ОП

**САРАПШЫЛАР:**

| **А.Ж.Т. / Ф.И.О.** | **Лауазымы /Должность** | **Қолы, күні /Подпись и дата** |
|---|---|---|
| Рыскалиев Б.Қ. | Атырау қаласы, Каспий өңірінің казіргі заманғы жоғары колледж директоры | [signature] |

Мәжіліс отырыстарда білім бағдарламасы талқыланды және бекітуге ұсынылды:

Шетел тілі және аударма **кафедрасының ОӘС**

хаттама № 5 "17" 01 2019 ж.

Кафедра меңгерушісі [signature] Елеусова А.С.

(қолы) (АЖТ)

Көп тілді білім беру факультеті ОӘК

хаттама № 5 "21" 01 2019 ж.

Факультет ОӘК төрағасы [signature] М.Мухтаров

(қолы) (АЖТ)

Университет ОӘК

хаттема № 5 "28" 01 2019ж.

Университет ОӘК төрайымы [signature] Жмагулова Г.С.

(қолы) (АЖТ)

**Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті «7М02301 – Филология» дайындау бағытына арналған білім беру бағдарламасына**

# САРАПТАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

«7М023-01–Филология» магистратура білім беру бағдарламасы ғылыми-педагогикалық бағытта білім беру бағдарламасы бойынша гуманитарлық ғылымдар магистрін, бейіндік бағыт бойынша гуманитарлық білім магистрін дайындауға арналған. Білім беру бағдарламасының құрылымына сәйкес бірнеше модульге жіктелген. Олар; психологиялық-коммуникативтік модуль, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар модуль, ғылыми-теориялық модуль, ғылыми-зерттеу модуль, ғылыми-кәсіптік модуль, қорытынды аттестаттау модульдері. Әрбір модуль мазмұны аталған білім бағдарламасының– жалпы білім беру пәндерінің циклы нақты ғылымдардың өзекті философиялық мәселелерін, ғылыми дүниетанымды, тілдік коммуникативтік дағдыларды, толеранттылық қағидасы мен білім берудің педагогика-психологиялық әдіснамалық негіздерін қалыптастыруға бағытталған. Базалық пәндер циклы филология саласы бойынша ғылыми-педагогикалық білім алуға, тіл білімі мен әдебиеттанудың заманауи теориялық негіздері мен парадигмаларын игеруге және жаһандық тілдік/әдеби процестерді білу және оларға ғылыми талдау жасаудың методологиясын меңгеруге, оларды кәсіби салада қолдануға машықтандырады. Кәсіптендіру пәндері магистрант игерген теориялық білім жиынтығын өзінің кәсіби қызметінде пайдалануға бағытталған.

Білім бағдарламасының негіздемесі – жаһандану кезеңіндегі қоғамның басты құндылықтарын бағалауда кәсіби құзыреттілік пен әлеуметтік мобильділікті қамтамасыз ететін филологиялық іргелі теориялық-әдістемелік, сондай-ақ интеграцияланған ғылымдар саласы бойынша қажетті ғылымдардың негізін меңгерту және білім мен ғылымды сабақтастыруда лингвистикалық/әдебиеттанушылық зерттеулерді жүргізу мен ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру арқылы білікті де бәсекеге қабілетті, интеллектуалдық мәдениеті жоғары кәсіби элитаның жұмыс істеу бейімділігін дамыту.

Филология білім бағдарламасы бойынша бітірушілердің кәсіптік қызметі қазақ филологиясының барлық салалары бойынша ғылыми зерттеулер жүргізуге, тіл мен әдебиетті кәсіптік орта оқу орындарында оқытуға, білім беру, басқару-ұйымдастыру салаларында әкімшілік жұмыстарын жүргізуге, сонымен қатар білім беру, мәдениет, БАҚ мен әлеуметтік-гуманитарлық қызметтің өзге де салаларында филологиялық білімді қажет ететін кәсіптік қызметтерді атқаруға бағытталған.

Бағдарлама білім берудің жалпыға міндетті стандарты негізінде жасақталып, ондағы еңбек нарығының сұранысы, жұмыс берушілердің ұсыныстары ескеріле отырып жасақталған. Сараптай келе«7М023 – 01 Филология» дайындау бағытына арналған Білім беру бағдарламасы заманауи

білім беру үрдісіне қойылатын талаптарға сай деген қорытынды беруге болады деген тұжырым жасалды.

Атырау қаласы, Каспий өңірінің қазіргі заманғы жоғары колледж директоры Б.Қ. Рысқалиев

Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы мәжілісінің
№5 хаттамасынан
көшірме

Қатысқандар: 16

Қатыспаған: 4 (дәлелді)

17 қаңтар, 2019 жыл

**Күн тәртібі:**

2. 2019-2020 оқу жылына арналған 6В01701-Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, 7М01701-Қазақ тілі мен әдебиеті (ғылыми-педагогикалық, бейіндік), 6В02302- Қазақ филологиясы, 7М02301-Қазақ филологиясы (ғылыми-педагогикалық, бейіндік) бағыттары бойынша маман даярлауға арналған Білім бағдарламаларын талқылап, бекітуге ұсыну

**Тыңдалды:**

1. Кафедра меңгерушісі А.С.Елеуова кафедра бойынша 6В01701-Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, 7М01701-Қазақ тілі мен әдебиеті (ғылыми-педагогикалық, бейіндік), 6В02302-Қазақ филологиясы, 7М02301 – Қазақ филологиясы (ғылыми-педагогикалық, бейіндік) бағыттарында білім бағдарламалары жасақталып отырғанын, сонымен қатар білім бағдарламасын жасақтаушы академиялық комитет құрамы мен олардың жетекшілері атқарған жұмыстарға тоқталып, оң баға берді.

**Сөйлегендер:**

1. **Ф.ғ.к., аға оқытушы Г.Б.Аяпова**: 6В02302-Филология: қазақ филологиясы бағыты бойынша білім бағдарламасын жасақтаушы академиялық комитет жетекшісімін. Білім бағдарламасының басты мақсаты – тіл мен әдебиетті терең білетін, бағалайтын және мақтан етіп, болашаққа оң көзқарас танытатын, Ұлы Даланың фольклоры мен Жаңа қазақ әліпбиінің дамуына цифрлық форматта «жаңа тынысқа» жетелейтін бәсекеге қабілетті маман дайындау. Білім бағдарламасындағы Өлкелік әдеби мұра және топонимдер (Major), Технология және аударма (Minor) модульдері филологиялық білімді қажет ететін кәсіптік қызмет түрлерін атқаруға қажетті білім, білік, дағды қалыптастыруды көздейді. Білім бағдарламасын жасақтауда ұжымның барлық ұсыныс, пікірлері ескерілді.

2. **Ф.ғ.к., аға оқытушы Ж.Балтоғаева**: 6В01701 –Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі бағыты бойынша жасақталған білім бағдарламасында бітіруші маманға қажетті жалпы, кәсіби құзыреттіліктерді игеруге қажетті модульдер берілген. Сонымен қатар бағдарламада қосымша мамандану бағытында жеке модульдер беріліп, еңбек нарығының сұранысы басты назарда болды.

3. **Ф.ғ.д., профессор Қ.Жүсіп**: 6В01701-Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, 7М01701-Қазақ тілі мен әдебиеті (ғылыми-педагогикалық, бейіндік), 6В02302-Қазақ филологиясы, 7М02301 –Қазақ филологиясы (ғылыми-педагогикалық, бейіндік) бағыттарында білім бағдарламаларымен танысып шықтым. Кафедраның профессор-оқытушылар құрамы толық дерлік осы бағдарламаларды жасақтаушы академиялық комитет құрамында жұмыс жасады. Академиялық комитет жетекшілігіне оқу жоспары, оқу бағдарламаларымен жұмыс жасау тәжірибелері бар жетекші ғалымдар тартылып отыр. Білім бағдарламаларын жасақтауда әрбір оқыту мақсатына сәйкес модульдердің мазмұны нақты қарастырылып, оқыту нәтижелеріне ерекше назар аударылды. Бакалавр, магистратура деңгейіндегі барлық білім

бағдарламаларының құрылымы ретті, әр модуль мазмұнын құрайтын пәндердің өтілу реті, жүру бағыты сақталған. Тілдік циклдегі пәндердің салалық өтілу жүйесінің, ал әдебиет бағытындағы пәндердің кезеңдік өтілу жүйесінің ескеріліп отыруы қисынды. Білім бағдарламаларын жасақтаушы академиялық комитет құрамы өзара тығыз байланыста жұмыс жасады. Модульдер мазмұны мен нәтижелері, бақылау формалары, жұмыс барысындағы туындаған мәселелер бірнеше рет талқылаудан өтті, академиялық комитеттер орын алған ұсыныстар мен ескертулер бойынша нәтижелі жұмыс жасады деп есептеймін. Осы негізде барлық деңгейдегі білім бағдарламалары ережеге сәйкес жасақталып отыр деген қорытынды жасауға болады.

**Қаулы:**

2.1. 6В01701-Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, 7М01701-Қазақ тілі мен әдебиеті (ғылыми-педагогикалық, бейіндік), 6В02302-Қазақ филологиясы, 7М02301-Қазақ филологиясы (ғылыми-педагогикалық, бейіндік) бағыттары бойынша Білім бағдарламалары талқылау барысындағы ұсыныс-ескертпелерді негізге ала отырып, бірауыздан мақұлдансын.

2.2. 6В01701-Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, 7М01701-Қазақ тілі мен әдебиеті (ғылыми-педагогикалық, бейіндік), 6В02302-Қазақ филологиясы, 7М02301-Қазақ филологиясы (ғылыми-педагогикалық, бейіндік) бағыттары бойынша жасақталған Білім бағдарламалары факультет оқу-әдістемелік кеңесінде талқыланып, бекітуге ұсынылсын.

Кафедра меңгерушісі: А.С.Елеуова

Мәжіліс хатшысы: А.Қ.Нұғыманова